



Халилаева Э.Ж.

**БОЛАШАҚ ТӘРБИЕШІЛЕРДІҢ
БАСҚАРУ МӘДЕНИЕТІН
ДАМУЫНДАҒЫ ТЕОРИЯЛЫҚ
АСПЕКТІЛЕРІ**

*В данной статье рассматриваются
теоретические аспекты развития
управленческой культуры
будущих воспитателей
дошкольных учреждений.*

*Theoretical aspect of development of
managing culture of future teachers of pre-
schools. Are considered in given article.*

Үшінші мыңжылдықтың басындағы қоғамның күрделі өзгерістерге түсіп, өркендеуі болашақ мамандардың кәсіби мәдениетін дамыту қажеттілігін айқын көрсетіп отыр.

2010 жылы ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа онжылдық. Жаңа экономикалық өрлеу. Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты халыққа Жолдауында жоғары білім сапасының ең жоғары халықаралық талаптарға жауап беруі тиістілігі және елдегі ЖОО әлемнің жетекші универси-теттерінің рейтингіне еруге ұмтылулары керектігі атап көрсетілген. Егер жоғары оқу орындарын нарық субъектісі ретінде қарас-тырсақ, онда білім беруді жоспарлау, басқару, бағалау және жетілдіру басты мақсаты болып табылатындығы белгілі [1].

XXI ғасыр ұстазы ғылыми ой-өрісі кең, жан дүниесі бай, ұлттық мемлекетшілдігі жоғары, балалармен дұрыс қарым-қатынас жасай білетін, кез-келген жағдайдан шығудың жолын таба білетін, теориялық білімін тәжірибе жүзінде іске асыратын, жауапкер-шілік сезімі зор, қоғамда белгілі бір рөл атқаратын, қайталанбайтын дара тұлға болуы тиіс.

Қазіргі күнгі болашақ тәрбиешілерді даярлаудың жоғары дәрежеде көрінетін тұлғалық сипаты оның жалпы және кәсіби мәдениетінде.

«Мәдениет дегеніміз не? деген сұраққа жауап беру үшін бұл сөздің этимологиясына, яғни осы бір күрделі ұғымды білдіретін сөздің шығу тегіне тоқталуды жөн көрдік. Қазақ тіліне бұл термин арабтың «маданият» - қала, қалалық деген сөзінен енген. Оған қоса бізге үйреншікті болып кеткен «мәдениет» ұғымының тәрбие мен біліммен байланыстылығының тамыры да сонау көне заманда жатыр. Білімсіз және тәрбиесіз адам еш уақытта мәдениетті бола алмайтыны ақиқат, ендеше білім мен тәрбие барлық халықтар мәдениетінің қайнар бұлағы болып табылады. Басты мақсатқа апарар жол - білім жолы болып табылады. Г.Е.Жураковский былай деп жазды: «Көп жылдық Афина мектептеріндегі білім берудің түпкі мақсаты - оқушыларға афина қоғамының толық құқылы мүшесі екендігін сезіндіру болып табылады» [2]. Грек қоғамының белсенді мүшесі болу, қоғамдық өмірдің сан-саласына араласу белгіленген ережелер, талаптарды толық игергенде ғана жүзеге асып отырды, оны гректер «даналық табыстар» - норма (заңдар) деп атады. Яғни, мәдениеттің мақсаты адам бойында ойлау, пікір айтып пайымдау



қабілеті мен эстетикалық сезімді дамыту болды. Демек, мәдениет біліммен ұштасып жатыр.

Әр ғылым саласының өкілдері мәдениетті өз мамандықтары тұрғысынан қарастырады. Мәдениеттің әр түрлі тұрғыдан қарастырылуы, мәдениет мәселесіне деген үлкен қызығушылықтан туса керек. Оған дәлел ретінде 1964 жылына қарай батыс әдебиетінде мәдениетке 257 анықтама берілгендігі жөнінде Америка мәдениеттанушылары А.Кребер мен К.Клохконның мәліметтерін келтірсек те жеткілікті сияқты. Ал одан кейін қаншама уақыт өткендігін және дүниеде болып жатқан мәдени өзгерістерді есепке алсақ, мәдениет ұғымының шеңбері бұрынғыдан да кеңейіп түседі.

Қазіргі таңда мәдениет ұғымына жүздеген анықтамалар бар. Философтардың ойынша «мәдениет дегеніміз – әлеуметтік болмысты қайта өндіріп және өңдеу барысындағы адамдардың іс-әрекеті, оның ішіндегі алатын өнімдері мен нәтижелері» [3].

Психологиялық-педагогикалық тұрғыдан «мәдениет деп – қоғамның белгілі тарихи деңгейін, адамның өмірі мен іс-әрекетін, олардың қарым-қатынасын ұйымдастырудағы шығармашылық күші мен қабілеттерін, материалдық және рухани құндылықтарын айтамыз».

Сонымен, мәдениет дегеніміз – адамның ойлау, айнала қоршаған ортаға талдау жасай білу қабілеті мен сапасы, білім деңгейі, біліктілігі, іскерлігі, еңбекке деген қатынасы, жалпы тәрбиелілігі, қызығушылық шеңбері, күнделікті іс-әрекет көрінісі, мінез-құлқы және адамның іс-әрекетінің бағыттылығы мен деңгейін сипаттайтын амал, тәсіл, нормалардың тарихи нақты жиынтығы. [4].

Кәсіби мәдениет дегеніміз – қоғамның әрбір кәсіптік қызметтегі адамдардың мәдени деңгейіне қойылатын талаптар: маман қоғамның жағдайы мен талаптарына сай жеке кәсіби міндеттерді кеңінен шешуге қабілеттілігі, жоғары технологиялар мен техниканы еркін пайдалана білуі, қоғамның даму қарқынына ілесіп отырып, «жаңалыққа» құштарлығы және т.б. Мұның бәрі тұлғада білім беру үдерісінде, кәсіби мәдениетті игеру барысында дамиды.

Біздің қарастырып отырған мәселеміз болашақ мектепке дейінгі білім беру мамандарын даярлау болғандықтан, біз «педагогикалық мәдениет» категориясын да қарастыруымыз қажет. Бұл түсінік әлі де болса толық қарастырылып болмағандықтан, педагогиканың категориялық аппаратына енген.

Қазіргі таңда педагогикалық мәдениет мәселесін зерттеу көптеген ғалымдардың қызығушылығын оятып отыр.

Т.И. Иванова [5] педагогикалық мәдениетті тұлғаның жалпы мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде қарастыра отырып, *бағыттылығы* (жоғары әдіснамалық және әдістемелік мәдениеті, шығармашылық іс-әрекетке даярлығы және т.б.), *мәдени тәжірибесі* (мәдениет туралы білімі, онымен қарым-қатынас жасай білу қабілеті), *жаңа педагогикалық ойлауы* (мәдени-шартты пайымдау, тану қабілеті) қамтылған ұстаз тұлғасының интегративті сапасы, - деп қарастырады.

В.Л. Бенина педагогикалық мәдениетті «адамдардың жинақталған әлеуметтік тәжірибені беру барысындағы нақты іс-әрекеті мен осы іс-әрекеттің білім, білік, дағды түрінде бекітілген нәтижелерінің біртұтастығын қамтитын педагогикалық үдерістің интегративті сипаттамасы» деп анықтайды [6]. Бұл сипаттама негізгі үш көрсеткіштермен айқындалады: әлеуметтік-педагогикалық (әрбір адам тәрбие субъектісі екенін сезінудің қоғамдық деңгейі); аксиологиялық (білімді құндылық ретінде қабылдау); дидактикалық (тәрбие мен оқытудың негізгі принциптері).

Педагогикалық мәдениеттің құрылымы: әлеуметтік-педагогикалық; ғылыми-педагогикалық; кәсіби-педагогикалық; тұлғалық деңгейлерден тұрады.

Педагогикалық мәдениет басқару мәдениетінің негізі, тұғыры болып саналады. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде басқарудың екі деңгейі айқындалады:

- әкімшілік – ұжымды, қызметкерлерді басқару бойынша әкімшіліктің іс-әрекеті;
- педагогикалық – бала тұлғасын дамытуға бағытталған ұстаз-тәрбиешілердің іс-әрекеті.

Олай болса, басқару мәдениеті педагогикалық ұжым мен баланың дамуына жағдай туғызатын өзара шарттасқандығымен және сабақтастығымен сипатталады.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беруді дамытуда мектепке дейінгі білім беру мекемелерін басқаруды мотивациялық-жүйелілік және тұлғалық-бағдарлық мақсаттарға бағытталған жаңа «философияға» ауыстыру қажеттілігінің туындап отырғанын айқындап көрсетіп отыр [7].

Сонымен қатар, педагогикалық әдебиеттерге «педагогикалық менеджмент» түсінігі еніп отыр. Егер «менеджмент» термині әлеуметтік үдерістерді басқару ретінде және басшылардың басқа адамдардың еңбегін, ақыл-ойын және мінез-құлқы мотивтерін пайдалана отырып мақсатқа жету біліктері ретінде қарастырылса, демек, менеджмент - бұл ғылым мен адамдарды және әлеуметтік үдерістерді басқару өнерінің қорытпасы. Онда педагогикалық менеджмент дегеніміз білім беру



үдерісін басқарудың принциптерінің, әдістерінің, ұйымдастыру нормалары мен технологиялық тәсілдердің жиынтығы. Профессор Л.Евенконың пікірінше, «менеджмент» - бұл еңбекті, басқа адамдардың мінез-құлық себептерін пайдалана отырып, алға қойылған мақсатқа жету іскерлігі деп атап көрсетеді. Сонымен, кез келген ұстаз тәрбиелік-танымдық үдерістің менеджері, ал басшы – жалпы білім беру үдерісінің менеджері. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің мамандарына қазіргі таңда қойылып отырған талаптардың бірі олардың педагогикалық менеджмент (басқару мәдениеті) негіздерін игеруі болып отыр. Себебі, мектепке дейінгі маман педагогикалық басқаруды өзінің кәсіби іс-әрекетінің әртүрлі деңгейлерінде жүзеге асырып отырады: мектепке дейінгі мекемені басқару деңгейі - басшы (менгеруші, әдіскер) ретінде және баланың дамуын басқару деңгейінде – тәрбиеші ретінде.

«Педагогикалық менеджмент» терминімен сәйкес «басқару мәдениеті» ұғымы да белсенді түрде пайдаланылып келеді. Басқару мәдениеті маманның кәсіби –тұлғалық сапаларын сипаттай отырып, оның іс-әрекетін айқындайды.

Басқару мәдениеті - педагогикалық-психологиялық сенім мен шеберліктің, жалпы дамуы мен басқарушылық-педагогикалық сапалардың, басқару этикасы мен көпқырлы қарым-қатынас жүйесінің, іс-әрекет пен мінез-құлықтың синтезін құрайды. Тұлғаның мұндай өзара шарттасқан құрамдас бөліктерін біріктіре отырып, басқару мәдениеті олардың әрқайсысын ең жоғары деңгейге дейін толықтырады және дамытады. Басқару мәдениеті басқарушылық-педагогикалық іс-әрекет үдерісінде оны жүзеге асырудың қажетті шарты ретінде пайда болып дамиды.

Кәсіби іс-әрекет ұстаздың дамуына өз әсерін тигізе отырып, оның тұлғасына бірнеше талаптар қояды. Мектепке қарағанда балабақшаны басқарудың өз ерекшеліктері бар:

- себебі мектепте директор, мұғалім педагогикалық үдеріске қатысушылардың 7-60 жас аралығындағылармен жұмыс жасаса, ал балабақшада менгеруші мен тәрбиеші 1 жастан 60 жас аралығындағылармен жұмыс жасайды;

- педагогикалық құрамы бойынша – мектеп басшысы негізінен жоғары білімді пән-мамандарымен жұмыс жасаса, балабақша менгерушісі кішкене балалармен, бірінші кезекте, аналық функцияны жүзеге асыратын тәрбиешілермен жұмыс жасайды;

- мектепте жұмыстың негізгі көрсеткіші оқушылардың білімінің көрсеткіштері болса, ал балабақшада балалардың дұрыс дамуына мүмкіндік беретін нервтік-психикалық денсаулығы.

Кәсіби іс-әрекеттің нәтижелі болуының негізгі шарттарының бірі бұл маман бойында лайықты қабілеттердің болуы және олар адамның мұндай іс-әрекетке жарамдылығын айқындайды. Адамның іс-әрекетінің белгілі бір түріне, белгілі бір істі үздік орындауға мүмкіндік беретін адамның әр түрлі жеке қасиеттерінің қиысып келуін, яғни, адам қасиеттерінің синтезін *қабілет* деп атайды. Қабілеттің дамуы оны қажет ететін қызмет саласында және әрекетке үйрену үстінде көрініп отырады.

Қабілет негізінен екіге бөлінеді. Адамның ақыл—ой өзгешеліктерінің жеке қасиеттерін көрсететін кезкелген адамнан табылатын қабілет *жалпы қабілет* деп аталады. Іс-әрекеттің жеке салаларында ғана көрініп, оның нәтижелі орындалуына мүмкіндік беретін қабілетті *арнаулы қабілет* деп атайды.

Басқарушылық іс-әрекет басшыдан келесідей коммуникативтілік, шешім қабылдай білу, лидерлік (ұйымдастырушылық қабілет), табандылық қабілеттердің болуын талап етеді [8].

Л.И.Уманский ұйымдастырушыларға тән тұлғаның 18 түрлі қасиеттерін ұйымдастырушылық қабілеттердің үш негізгі топтарына жинақтады:

- *ұйымдастырушылық көрегенділік* (психологиялық таңдамалылық, интеллекттің практикалық бағыттылығы, психологиялық әдептілік);

- *әсерлі-еріктік ықпалдылық* (жігерлілік, талап қоюшылық, сыншылдық);

- *ұйымдастырушылық іс-әрекетке бейімділік* (ұйымдастырушылық іс-әрекетке даярлық, іс-әрекет барысындағы көңіл-күй) [9].

Басқару мәдениетінің өзегі, негізі ол дүниетаным – басқару ғылымы туралы білім мен практикалық мақсатта тиімді қолдануға негізделген білім, сенім және практикалық әрекеттер қорытпасы.

Сонымен, басқару мәдениеті педагогикалық үдеріс жағдайында жалпы мәдениеттің ерекше көрінісі болып табылады. Маманның жалпы мәдениетін құраушылар оның кәсіптік мәдениетінің бөліктеріне айналады және керісінше, кәсіптік мәдениеттің дамуы маманның жалпы мәдениеті деңгейінің өсуіне орай келеді.



Әдебиеттер:

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа онжылдық. Жаңа экономикалық өрлеу. Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты халыққа Жолдауы.– Астана, 2010.
2. Жәкешева Қ. Жаңашыл мұғалім мәдениеті - ортақ өнеге // Қазақстан мектебі. 2007, №2. 32-33бб.
3. Лотман Ю.М. К проблеме типологии культуры. // Труды по знаковым системам / Под ред. Е.В.Пермякова. – Тарту, 1967. – 236с.
4. Жаздықбаева М.Б. Ақпараттық қарым-қатынас мәдениеті. // Қазақстан мектебі. 2010, №1. 21-24 бб.
5. Иванова Т.В. Формирование педагогической культуры будущего учителя в учебном процессе: Авт. дисс. к.п.н. – Волгоград, 1991. – 17с.
6. Бенин В.Л. Сущность понятия «педагогическая культура» // Понятийный аппарат педагогики и образования // Сб. науч.тр. / Отв. Ред. Е.В.Ткаченко. – Вып.2. – Екатеринбург, 1996. -276-283.
7. Ивенский Л.М. Культура управления: сущность, генезис, метауправление. –Чебоксары, 1992. – 350 стр.
8. Жарықбаев Қ. Жантану негіздері. - Алматы, 2002. 324-327бб.
9. Уманский Л.И. Психология организаторской деятельности. Пособие для руководителя. – М.: Политиздат, 1980. – 160.